

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 46)

9

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Коагулометр	Жалпы сипаттамалар Анализатор толық автоматты, үстелге орналастырылатын типте болуы тиіс және коагулологиялық зерттеулерді орындауға арналған. Бағдарламаланатын әдістер саны: кемінде 5. Өнімділігі: сағатына кемінде 200 тест. Өлшеу принциптері: Механикалық әдіс Оптикалық әдіс (575 нм) Орындауға болатын тесттер: PT, APTT, FIB, TT, D-димер Үлгілермен жұмыс Бастапқы пробиркаларды қолдану мүмкіндігі. Микропробиркаларды орнату мүмкіндігі. Қайталанымдылық қатесі (CV): 3%—дан төмен. Үлгілерге арналған ұяшықтар саны: 61 позиция, жарықдиодты индикатормен. Реагенттер модулі Реагенттер үшін ұяшықтар саны: кемінде 11 позиция. Оның ішінде: 10 позиция — жарықдиодты индикатор және салқындату қызметімен 2 позиция — араластыру функциясымен Инкубация арналары: 12 канал Өлшеу арналары: 4 канал Кюветтер жүйесі Кюветтерді автоматты беру: автозарядтауда 1000 кювет Кюветтер саны: 1000 дана (авто) Пробаларды алу жүйесі Пробоотбор инелері саны: 2 дана Деңгей датчигі бар жеке дозаторлар (реагент және үлгі үшін бөлек) Реагент дозаторының температураны бақылау функциясы Тік бағыттағы соққыны анықтайтын датчик Пробоотбор инелерінің қыздырылуы Үлгі мен реагент деңгейін анықтайтын сыйымдылық датчигі Реагент қалдық көлемін автоматты есептеу Ішкі және сыртқы жуу Калибрлеу Автоматты калибрлеу 2–6 нүктелі калибрлеу мүмкіндігі Реагенттерді тәулік бойы салқындататын тәуелсіз жүйе Сапаны бақылау Нақты уақыт режимінде автоматты сапа бақылау Вестгард ережелеріне сәйкес Леви-Джегинс графиктерін құру Пациенттердің талдау нәтижелерінің архиві Бағдарламалық қамтамасыз ету Windows операциялық жүйесіне негізделген Орыс тіліндегі интерфейс	1

	Оригинал реагенттер, калибраторлар және бақылау материалдарымен жұмыс істеу мүмкіндігі Комплектация Автоматты коагулометриялық анализатор — 1 дана Жинақталған дербес компьютер (ДК) — 1 дана Лазерлік принтер — 1 дана Орнату түрі Үстелге орнатылатын (настольный) Электрмен жабдықтау Жиілік: 50/60 Гц Кернеу: 220–240 В Қуат тұтыну: 200 ВА-дан аспауы тиіс Пайдалану шарттары Қоршаған орта температурасы: +10°C – +30°C Салыстырмалы ылғалдылық: 70%-дан аспауы тиіс Атмосфералық қысым: 86–106 кПа Өлшемдері мен салмағы Өлшемдері (Е×Т×Б): 585 × 695 × 590 мм-ден аспауы тиіс Салмағы: 62 кг-нан аспауы тиіс	
	Барлығы	1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан

Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет. 37 (отыз жеті) ай ішінде кепілді сервистік қызмет көрсету. Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді кепілді жүргізу тоқсанына кемінде 1 рет. Пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың кепілді орындалуы мыналарды қамтиды: - жұмыс істеген құрамдас бөліктерді ауыстыру; - медициналық техниканың жекелеген бөліктерін ауыстыру немесе қалпына келтіру; - бұйымды баптау және реттеу; осы бұйымға тән жұмыстар және т. б.; - тазалау, майлау және қажет болған жағдайда негізгі механизмдер мен тораптарды іріктеу; - бұйым корпусының оның құрамдас бөліктерінің сыртқы және ішкі беттерінен шанды, кірді, коррозия мен тотығу іздерін кетіру (ішінара блокты-тораптық бөлшектеумен); - өнімнің нақты түріне тән пайдалану құжаттамасында көрсетілген өзге де операциялар.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

- 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін